

6 – СЕКЦИЯ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

6.1 Новые направления и тенденции развития отечественного литературоведения

ӘОЖ 1751

**Е.РАУШАНОВТЫҢ «НҮРДАН ЖАРАЛҒАН» РОМАНЫНДАҒЫ ЖҮЛДЫЗ
БЕЙНЕСІ**

Амантайева Енлик Баглановна

enlikino@gmail.com

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 7М01717 қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Абилхамитқызы Р.

Адамзат баласы өте ерте замандардан бастап өзін қоршаған ортаның құпияларын тануға ұмтылды. Әсіресе аспан әлемі, ондағы жұлдыздардың сырлы әрі жұмбақ әлемі, яғни космогониялық құбылыстар ерекше қызықтырды. Осы қызығушылық қазір ғылым дамып, техника әлдеқайда өркендеп тұрған заманда өрши түспесе, кемі қойған жоқ. Себебі болмыста ғаламат екі дүние бар: біріншісі – жұлдызды аспан, екіншісі – неміс философы И.Кант айтқандай, әрбір адамның ішкі дүниесі. Бұл дегеніміз – сырлы аспаның құпиясы ешқашан таусылмақ емес. Тіпті ғылым дамыған сайын жұлдызды аспанның да жаңа тылсым дүниелері ашылып келеді.

Космогония (грек. kosmos – ғарыш және gonia – туу, шығару, ұрпақ), ғарыштану – астрономияның ғарыштық денелер мен олардың жүйелерінің пайда болуы мен дамуын зерттейтін саласы [1]

Ғарыштық жүйелердің құрамына жұлдыздар, жұлдыздар шоғыры, галактикалар, Күн жүйесі мен оған енетін денелер – Күн, ғаламшарлар, тіпті Жердің өзі де, олардың серіктері, астероидтар, құйрықты жұлдыздар, метеориттер енеді.

Б.з.б. IV-I ғасырларда грек философтары Левкипп, Демокрит, Лукреций еңбектерінде аспан денелерінің дамуы туралы айтылған жалпы идеялардан кейін, орта ғасырларда діни түсініктер үстемдік еткен кезең туды. Тек XVII ғасырда Р.Декарт дүниені құдай жаратты деген аңызды жоққа шығарып, барлық аспан денелері материяның ең ұсақ бөлшектерінің құйынды Уа

Біздің ата-бабаларымыз ежелгі дәуірлерде космогониялық құбылыстардың құпияларын өздерінше танып, әрбір құбылысқа атау беріп, айдар таққан. Олар туралы сан түрлі миф, ертегі, хикаяттар шығарған. Ал бертін келе аспан әлеміндегі жұлдыздардың қозғалыстары мен сипаттары жөнінде ғылыми еңбекте жазылды. Мәселен, орта ғасырлардағы Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан әл-Бируни, Ұлықбек сынды ойшыл ғалымдардың еңбектерінен космогониялық құбылыстар туралы тұжырымдарды кездестіреміз.

Қазақ халқындағы аспан шырақтарының атаулары мен олар жөніндегі ұғым-түсініктерді Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, Ә.Диваев және т.б. еңбектерінен кездестіруімізге болады. Ал Алаш қайраткерлері ішінен Х.Досмұхамедов «Қазақ халық әдебиетінің» классификациясын, қазақ сөз өнерінің 44 жанрын анықтап, соның он біріншісін – Космогониялық әңгімелер (аспан шырақтары, күн күркіреу, найзағай, аққан жұлдыз, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, кемпірқосақ, т.б.) деп бөліп көрсетеді.

Академик Ә.Марғұлан ерте заманда қазақ пен монғол халықтарына ортақ символ сөздердің мағынасын келтіреді: 1. Күн – махаббат, әділет, ғашықтықтың белгісі. Күнім деу

махаббаттың, сәби тазалықтың күші түрі саналған. 2. Ай – сұлулық, сана шарасы болған. 3. Жұлдыз – мереке, ойын-сауық, жастық белгісі болған.

Тарихшы, фольклорист А.Н.Афанасьев «Аспан шырақтары» деген еңбегінде: «Күн, Ай және Жұлдыз таза адамгершіліктің және рухани нұрлылықтың символы», - деп жазады.

Көне замандарда космогониялық құбылыстың әрбір түріне байланысты наным-сенімдер болған. Соның бірі – Жұлдыз. Көп халықтар, соның ішінде түркі халықтарды жұлдыздарды ерекше қадірлеп, оларды адамдар, жан-жануарлар т.б. ретінде қабылдап, ат берген.

Ал ерте дәуірлерде жұлдыздар жер бетіндегі тіршілік атаулыға әсер етеді деп оларға табынған. Мұны қазақтың жұлдызбен қатысты наным-сенімдерінен көруімізге болады. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов: «Тағдыр сүйген адамды қазақтар «жұлдызы жоғары адам» дейді. Қазақтар жұлдыз адам тағдырына әсер етеді деп сенеді», [2]- деп жазған.

Халқымыз жұлдыздардың тууын, қозғалуын, батуын бақылай отырып, түнгі уақытты біршама дәлдікпен ажырата алған. Күзеттегі жылқышы, қойшы, түнгі жолаушы аққан жұлдыздың көк жүзінде көбірек көрінуіне қарап, таңның жақындағанын шамалаған. Ал Үркер, Босаға, Сүмбіле, Таразы, т.б. жұлдыздардың ууы мен батуын бақылай отырып, жыл ішіндегі уақытты дәл ажырата алған.

Таң алдында ақпа жұлдыздар (меторитер) жиірек ағады. Халық түсінігінде бұл мезгілде адам өллімі көп болады, сондықтан жұлдыздар да жиі ағады. Мұны халық ішінде бар тағы бір сенім толықтыра түседі. Халқымыздың сенімі бойынша, ауырып, әл үстінде жатқан адам үшін түн баласына екі қауіпті кезең бар. Бірі – жұлдыз туып, жамырай бастаған шақ болса, екіншісі – жұлдыз сөнер мезгіл, таң алдындағы уақыт, халық ұғымынша, осы екі мезгілде адам көп өледі.

Жалпы қазақ ұғымындағы әрбір адамның аспанда жұлдызы бар, одан дүниеден өткен бойда көктегі жұлдызы ағып түседі. Сондықтан аққан жұлдызды көргенде қазақ «өз жұлдызым жоғары болсын» немесе менің жұлдызым емес» деп дауыстап айтады да, дүниеден өткен адамға араны бағыштап бата жасап, бетін сипайды. Осылай өз жұлдызын белгілеп, тағдырын сол жұлдызға сеніп тапсырып, сырласатын кейіпкері бар шығарма – «Нұрдан жаралған». Есенғали Раушановтың бұл прозалық туындысындағы Жұлдыз образы Еділ атты жас жігіттің өмірлік мұратын сол арқылы беруімен суреттеледі.

Жұлдыз образы роман басында бірден көрінбейді. Тіпті «бас кейіпкер – Еділ» деп те ойламайсың. Роман Еркінбек-Марина-Еділ арасындағы махаббат жайында. Еркінбектің басына түскен жағдай, әйелі Сараның оған ту сыртынан пышақ ұрғаны отбасы трагедиясы деуге болады. Ал Марина махаббаттан жапа шеккен әйел. Бірақ қандай мүсәпір халде болса да, кейбір қылықтарына жының келеді.

Автордың Еділдің Жұлдызбен сырласу тұсын ішкі монолог арқылы берген кезде космогониялық миф жайындағы көркемдік танымын шебер көрсете білгеніне таңғаласың. «Сен сөніп қалмашы, жарық жұлдыз» деген бала Еділдің жалбарынуы жоғарыда атап өткен - «жерде бір адамның ғұмыры үзілсе, аспанда бір жұлдыз сөнеді (ағып түседі)» делінетін діни-мифологиялық нанымның жаңғырығы.

Жұлдыз образының берілуі тәсілінің ерекшелігі – автор бейнелеуінде ол кәдімгі адам кейпіне еніп, орталық кейіпкердің біріне айналған: «Жаным Еділ, сен жылама, - деген Жұлдыз. – Сен жылама, Еділ, түсінде оқыған дұғаң, өңінде тілеген тілегің қабыл болды, марина әжеңнің жанында» [3]. Міне, Жұлдыздың Еділмен тілдесіп, оған ақыл айтып, арпалысқа толы ішкі жаны дүниесін тыныштандырып жатқаны соның дәлелі.

Әр адамның өз жұлдызы болатындығы әрі оны өзінен басқа ешкім көре алмайтыны Жұлдыздың әңгімелеуінде былай берілген: «Марина көзімен сенің жұлдызыңды іздеді, анау шеттегі шоқжұлдыз Үркер, анау Үкімет үйінің маңдайшасына ілініп тұрған Есекқырған, анау Көктөбеге қарай емініп бара жатқан Жетіқарақшы, мына жарқыраған Темірқазық,

Темірқазықтан сәл төмен, Жетіқарақшының сабына қарай бір сүйем өлшесең көрініп тұрады дейтінсің. Таба алмады» [3].

Ал Меккенің көшіп келуі мен Қарой ауылдарына қатысты әңгімелер де текке қозғалмаған. Жас Еділ ол екеуін бойына сіңіріп өскен. Бұл жөнінде Ж.Әскербекқызы Е.Раушанов шығармашылығына арналған «Көркемдік өріс» еңбегінде: Рухани тазалықты іздеу, оны аңсау, түп бастауларға ұмтылу Еділ ана туралы аңыздан, Қарой ауылына қатысты оқиғалардан, Жұлдызды жанына медеу, сырлас еткен Еділ әрекетінен аңғарылады. Маринаның түйсінуі түрінде суреттелетін Найзақара шыңының арғы бетінде тазалық мекені – Қарой, Еділ жұртының жатқаны туралы ой, Маринаның Еділ меншіктенген жұлдызды іздеуі – сол ізгілік әлеміне ұмтылу. Ізгілік әлемінің тұрағы аспан. Яғни ақынның поэтикалық тілінде көп айтылатын тұжырым: аспан – кіршіксіз рухтар мекені. Романдағы гуманистік идея осы аспан әлемінің аясына сіңіріліп, ол тылсым сырлы, қат-қабат құпиялы, рухтардың сақтаушысы болған күрделі архетиптік образ болып шыққан [4].

Е.Раушанов орталық кейіпкердің ішкі толқынысын беру мақсатында оны Жұлдызбен сырластыру арқылы персонаж дәрежесіне көтере білген. Табиғаттың әрбір жаратылысы, әрбір құбылысты көркемдеп жеткізе отырып, оқырманына эстетикалық ләззат сыйлай алғанына қайран қаласың. Поэзияның адамның ой-арманын, көңіл-күйін жеткізетін киелі өнер екенін әлдеқашан дәлелдеп тастаған ақын Е.Раушановтың проза саласында да «Нұрдан жаралған» сынды туындылары жазылуы керек деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D1%81%D0%BC%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D0%BD%D0%B8%D1%8F>
2. Уалиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. – Алматы, 1949
3. Раушанов Е. Нұрдан жаралған. // «Таң Шолпан» журналы. 2002. № 1
4. Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс. – Алматы, 2008, 263 б.

ӘОЖ 1751

Д. ИСАБЕКОВТЫҢ «МҰРАГЕРЛЕР» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ КОНФЛИКТ ПЕН ХАРАКТЕР

Арын Нұрсұлу Дәулетбекқызы

nursulu.aryn@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагогтерін даярлау» мамандығының 2 курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Р. С. Тұрысбек

Кез келген әдебиетте қарымды қаламгер мен драматургтің төл туындысын бағалаудың негізгі әрі басты өлшемі – күнделікті өмірдегі жағдайдың көркем шығармада ешқандай боямасыз айқын әрі анық берілуі. Көркем шығармадағы тартыстың өмірлік құбылыстармен байланысуы қаламгердің шеберлігін айғақтайды. Кез келген драмалық туындыны талдағанда шығармадағы тартыстың мәні мен мазмұны және көркемдік өрнектелуі, конфликтінің байланысуы мен күшеюі басты назарда болады. Драмалық шығармадағы конфликт пен характердің маңызы, сонымен бірге екі ұғымның өзара байланысы туралы тұшымды ойлар талай мәрте айтылған әлі де сөз қозғалатын рас. Әдебиет мамандары мен театр зерттеушілері драмадағы тартысты шығарма көлемінде талдайды, ал тартыстық мәні бар оқиғаларды таңдаудағы авторлық мақсат-мүдде ескерілсе, пьесаның бұрын көлеңкелі кейбір тұстарының өз